

«Қашаған кен орнын игеру. Жер үсті кешенінің өнімділігін тәулігіне 450 мың баррельге дейін ұлғайту» тақырыбындағы қоғамдық тыңдау хаттамасы
Атырау облысы, Мақат ауданы, Доссор кенті.
Өткізілген күні: 2025 ж. 16 сәуір, 10:00-ден бастап 12:00 -ге дейін

1. Аумағында қызмет жүзеге асырылатын немесе аумағына ықпал етілетін әкімшілік-аумақтық бірліктің (облыстардың, республикалық маңызы бар қалалардың, астананың, аудандардың, облыстық және аудандық маңызы бар қалалардың) немесе тиісті әкімшілік-аумақтық бірліктің (ауылдардың, кенттердің, ауылдық округтердің) әкімі аппаратының жергілікті атқарушы органының атауы:

Атырау облысы, Мақат ауданы, Доссор кенті әкімдігі

2. Қоғамдық тыңдаудың тақырыбы:

«Қашаған кен орнын игеру. Жер үсті кешенінің өнімділігін тәулігіне 450 мың баррельге дейін ұлғайту» жобасы.

(қаралатын жобалау құжаттарының толық, нақты атауы)

3. Қоғамдық тыңдауларға шығарылатын құжаттар жіберілген қоршаған ортаны қорғау саласындағы уәкілетті органның және облыстың, республикалық маңызы бар қалалардың, астананың жергілікті атқарушы органының (облыстардың, республикалық маңызы бар қалалардың, астананың, аудандардың, облыстық және аудандық маңызы бар қалалардың) немесе тиісті әкімшілік-аумақтық бірліктің (ауылдардың, кенттердің, ауылдық округтердің) әкімі аппаратының атауы.

Материалдар Қоршаған орта мен табиғи ресурстардың жай-күйі туралы Ұлттық деректер банкі порталында:

<https://hearings.ndbecology.gov.kz/Public/PubHearings/PublicHearingDetail?hearingId=23814>

және Атырау облысы Табиғи ресурстар және табиғат пайдалануды реттеу басқармасының ресми интернет-ресурсында жарияланған:

<https://www.gov.kz/memleket/entities/atyrau-tabigat/press/news/details/955884?directionId= 8251&lang=ru>

4. Көзделіп отырған қызметтің орналасатын жері:

№	Атауы	Облыс	Аудан	Координаттары, градус, минут, секунд, ендік	Координаттары, градус, минут, секунд, бойлық	Аумақтың ауданы
1	«Қашаған кен орнын игеру. Жерүсті кешенінің өнімділігін тәулігіне 450 мың баррельге дейін ұлғайту»	Атырау облысы	Мақат ауданы	47°15'19,98"	52°21'43,294"	480

(көзделіп отырған қызмет учаскесі аумағының толық, нақты мекенжайы, географиялық координаттары)

5. Көзделіп отырған қызметтің ықтимал әсеріне қатысы бар барлық әкімшілік-аумақтық бірліктердің атауы:

Атырау облысы, Мақат ауданы.

(көзделіп отырған қызметті жүзеге асыру нәтижесінде аумағына әсер етуі мүмкін және аумағында қоғамдық тыңдау өткізілетін әкімшілік-аумақтық бірліктердің тізбесі)

6. Бастамашының деректемелері және байланыс деректері:

«Норт Каспиан Оперейтинг Компани» Н.В. компаниясының ҚР-дағы филиалы, БСН 000 241 000 874, 060002, Атырау қаласы, Смағұлов көшесі, 8-үй; тел. +7 (7122) 928000, Fax: +7 (7122) 925800; e-mail: rokcorrespondence@ncoc.kz ; сайт: <https://www.ncoc.kz>

(оның ішінде нақты атауы, заңды және нақты мекенжайы, БСН, телефондары, факстары, электрондық пошталары, сайттары)

7. Ықтимал әсерлер туралы есептерді әзірлеушілердің немесе стратегиялық экологиялық бағалау жөніндегі есептерді дайындау бойынша сырттан тартылған сарапшылардың немесе мемлекеттік экологиялық сараптама объектілерінің құжаттамасын әзірлеушілердің деректемелері мен байланыс деректері.

1	«Sustainable Ecology Development» (SED) ЖШС	Заңды мекенжайы: Қазақстан Республикасы, 050043, Алматы қаласы, Асқаров көшесі, 3, тел. 8 (727) 247-23-23, 247-26-36, факс: 338-23-74 Эл. пошта: sed@sed.kz , сайт: http://www.sed.kz
2	«Caspian Engineering and Research» ЖШС	Заңды мекенжайы: Қазақстан Республикасы, Маңғыстау облысы, Ақтау қаласы, 17 ш/а, 38 ғимарат. Тел.: +7 (7292) 200-501 Факс: +7 (7292) 200-505 Эл. пошта: General.O@nipicer.kz сайт: https://www.cer-llp.kz

(оның ішінде нақты атауы, заңды және нақты мекенжайы, БСН, телефондары, факстары, электрондық пошталары, сайттары)

8. Қоғамдық тыңдау өткізілетін күн, уақыт, орын (қоғамдық тыңдаудың ашық жиналысы өткізілетін күн (күндер) және уақыт):

«Қашаған кен орнын игеру. Жер үсті кешенінің өнімділігін тәулігіне 450 мың баррельге дейін ұлғайту» жобасы бойынша қоғамдық тыңдау 2025 жылы 16 ақпанда, қатысушыларды тіркеу 09:30-да басталды, қоғамдық тыңдау сағат 10:00-ден бастап 12:00-ге дейін Атырау облысы, Мақат ауданы, Доссор к.ә., Доссор кенті, Г.Сүлейменова көшесі, 39 «Доссор мәдениет үйінде» өтті. Қоғамдық тыңдау сонымен бірге ZOOM платформасында онлайн режимінде өтті. Қоғамдық тыңдауға қатысу үшін қатысушылардың барлығы келесі сілтеме арқылы өту қажет болды:

Zoom деректері: <https://zoom.us/j/96424307289?pwd=9plph5bTbw4dobUsyz7vXkPhjvW0qD.1>

Идентификатор конференции: 964 2430 7289 Код доступа: 162504

(қатысушыларды тіркеу басталатын күн, уақыт, қоғамдық тыңдаудың басталатын және аяқталатын уақыты, тыңдау өткізілетін орынның толық және нақты мекенжайы. Қоғамдық тыңдау ұзартылатын жағдайда барлық күндер көрсетіледі).

9. Бастамашы жіберген сұрату хатының көшірмесі және қоғамдық тыңдау өткізу шарттарын келісу туралы әкімшілік-аумақтық бірліктердің (облыстардың, республикалық маңызы бар қалалардың, астананың) жергілікті атқарушы органдары ұсынған жауап хаттың көшірмесі осы қоғамдық тыңдаудың хаттамасына қоса беріледі.

1-қосымшадан қараңыз

10. Қоғамдық тыңдауға қатысушыларды тіркеу парағы осы қоғамдық тыңдаудың хаттамасына қоса беріледі.

Қоғамдық тыңдауға қатысушыларды тіркеу парағын 2-қосымшадан қараңыз

11. Қоғамдық тыңдау өткізілетіндігі туралы ақпарат қазақ және орыс тілдерінде мынадай тәсілдермен таратылды:

1) Ақпараттық жүйеде;

2) жергілікті атқарушы органның (облыстың, республикалық маңызы бар қаланың, астананың) ресми интернет-ресурсында немесе әзірлеуші мемлекеттік органның ресми интернет-ресурсында

Атырау облысы Табиғи ресурстар және табиғат пайдалануды реттеу басқармасының жоба бойынша құжаттар жарияланған интернет-ресурсының адресі:

https://www.gov.kz/memleket/entities/atyrau-tabigat/press/news/details/955884?directionId=_8251&lang=ru 13.03.2025 ж. жарияланды және Қоршаған орта мен

табиғи ресурстардың жай-күйі туралы Ұлттық деректер банкі порталында

<https://hearings.ndbecology.gov.kz/Public/PubHearings/PublicHearingDetail?hearingId=23814> 13.03.2025 ж. жарияланды

(ресми интернет-ресурстардың атауы, сілтемелер және жарияланған күні)

3) қоғамдық тыңдау басталған күнге дейін жиырма жұмыс күнінен кешіктірмей бұқаралық ақпарат құралдарында, оның ішінде кемінде бір газетте және қатысы бар аумақтың шегінде толық немесе ішінара орналасқан тиісті әкімшілік – аумақтық бірліктердің (облыстың, республикалық маңызы бар қаланың, астананың) аумағында таратылатын кемінде бір теле- немесе радиоарна арқылы бұқаралық ақпарат құралдарында:

2025 жылғы 06 наурыздағы №9 (20811) санымен шыққан «Прикаспийская коммуна», 2025 жылғы 06 наурыздағы №9 (20 874) санымен «Атырау» және 2025 жылғы 07 наурыздағы №09 (1227) санымен «Мақат тынысы» газеттерінде жарияланды - 3-қосымшадан қараңыз;

(газеттегі хабарландырудың атауын, нөмірін және жарияланған күнін көрсету, сондай-ақ газеттің скандалған титулдық беті мен қоғамдық тыңдау өткізілетіндігі туралы хабарландыру берілген бетті қамтитын, скандалған хабарландыруды қоса ұсыну)

2025 жылы 06 наурызда Атырау қаласындағы «Caspian NEWS» телеарнасында жүгіртпе жол арқылы хабарланды - 4-қосымшадан қараңыз;

(теле немесе радиоарнаның атауын, хабарландыру жарияланған күнді көрсету, теле немесе радиоарнада жарияланған қоғамдық тыңдау өткізілетіндігі туралы хабарландырудың бейне және аудиожазбасы бар электрондық жеткізгіш қоғамдық тыңдаудың хаттамасына қоса тіркелуі (жариялануы) тиіс)

4) тиісті әкімшілік-аумақтық бірліктердің (облыстардың, республикалық маңызы бар қалалардың, астананың, аудандардың, облыстық және аудандық маңызы бар қалалардың, ауылдардың, кенттердің, ауылдық округтердің) аумағында мүдделі жұртшылық үшін қолжетімді орындарда
Хабарландыру Атырау облысы, Мақат ауданы, Доссор кенті, Ғ.Сүлейменова көшесі, 39 мекенжайындағы Мәдениет үйінің хабарландыру тақталарында 2 тілде орналастырылды - 5-қосымшадан қараңыз.

Фотоматериалдар осы қоғамдық тыңдау хаттамасына жалғанған.

12. Қоғамдық тыңдауға қатысушылардың шешімдері:

Қоғамдық тыңдаудың хатшысы ретінде NCOC компаниясының экологі Хайрулла Ермек сайланды.

Қатысушылар саны – 83 адам. Дауыс беру қорытындысы: «Қолдаймын – «83» қатысушы, «Қарсымын – 0 қатысушы, «Қалыс қаламын – «0» қатысушы.

(хатшыны таңдау туралы. Қоғамдық тыңдауға қатысушылардың «қолдаймын», «қарсымын», «қалыс қаламын» деп дауыс бергендер санын көрсету керек)

Баяндамалар жасауға 30 минут, қосымша сөз сөйлегісі келген қатысушыларға – 60 минут бөлінді. Ұсыныстар мен сұрақтар негізгі баяндамашының сөзінен кейін талқыланды. Бекітілген регламентті 6 - қосымшадан қараңыз.

«Қолдаймын – «83» қатысушы, «Қарсымын» – 0 қатысушы, «Қалыс қаламын» – 0 қатысушы.

(регламентті бекіту туралы. Қоғамдық тыңдауға қатысушылардың «қолдаймын», «қарсымын», «қалыс қаламын» деп дауыс бергендер санын көрсету керек)

13. Тыңдалған барлық баяндамалар туралы мәліметтер:

Каупенова Шынархан - «Caspian Engineering and Research» ЖШС- нің аға инженері.

Мейремғалиева Әлия - «Sustainable Ecology Development» ЖШС-нің аға менеджері.

(баяндамашының тегі, аты және әкесінің аты (бар болса), лауазымы, өкілі болып отырған ұйымның атауы)

«Қашаған кен орнын игеру. Жер үсті кешенінің өнімділігін тәулігіне 450 мың баррельге дейін арттыру» жобасы 15 бет, 15 слайд;

«Қоршаған ортаға тиюі ықтимал әсерлер туралы есебі бойынша» баяндама 28 бет, 28 слайд, 1 файл, 7 - қосымшадан қараңыз.

(баяндаманың тақырыбы, беттердің, слайдтардың, файлдардың, плакаттардың, сызбалардың саны)

Қоғамдық тыңдауға шығарылып отырған құжаттар бойынша баяндамалардың мәтіні осы қоғамдық тыңдаудың хаттамасына қоса беріледі.

14. Қоғамдық тыңдау хаттамасының ажырамас бөлігі болып саналатын, мүдделі мемлекеттік органдар мен жұртшылықтың осы Қағидалардың 18-тармағына сәйкес жазбаша түрде ұсынылған немесе қоғамдық тыңдау өткізу барысында айтылған ескертулері мен ұсыныстарының барлығын; Бастамашының әрбір ескерту және ұсыныс бойынша жауаптары мен түсініктерін қамтитын жиынтық кесте. Қоғамдық тыңдаудың тақырыбына мүлде қатысы жоқ ескертулер мен ұсыныстар кестеге «қоғамдық тыңдаудың тақырыбына қатысы жоқ» деген белгімен енгізіледі.


15. Қоғамдық тыңдауға қатысушылардың жоба және қаралып отырған құжаттардың (негіздемесімен), тыңдалған баяндамалардың толықтығы мен түсіну үшін жеңілдігі тұрғысынан алғандағы сапасы жөніндегі пікірі, оларды жақсарту бойынша ұсынымдары:

Мұрат - ZOOM платформасына келіп түскен ұсыныс: Баяндамашы қыздар өздері ұғып жатыр ма оқып жатқандарын? Ұсыным, өтініш баяндаманы нақты қылсаңыздар баяндамашыларда дұрыстап дайындалғандарын сұраймын, аздап құлақты жармай. Рақмет.

(тегі, аты және әкесінің аты (бар болса), лауазымы, өкілі болып отырған ұйымның атауы, пікірлері мен ұсынымдары)


16. Қоғамдық тыңдау хаттамасына Қазақстан Республикасының Әкімшілік рәсімдік-процестік кодексіне сәйкес сот және сотқа дейінгі тәртіппен шағымдануға болады.

17. Қоғамдық тыңдаудың төрағасы: Жайкин Бекәділ Орынбасарұлы, Мақат ауданы әкімінің орынбасары

 Жайкин Б.О. 18.07.2025 ж.

(тегі, аты және әкесінің аты (бар болса), лауазымы, өкілі болып табылатын ұйымның атауы, қолы, күні)

18. Қоғамдық тыңдаудың хатшысы: Хайрулла Ермек, NCOC компаниясының экологі

 Хайрулла Ермек 18.04.2025 ж.

(тегі, аты және әкесінің аты (бар болса), лауазымы, өкілі болып табылатын ұйымның атауы, қолы, күні)

Қоғамдық тыңдау өткізілгенге дейін және өткізу кезінде келіп түскен ескертулер мен ұсыныстардың жиынтық кестесі

№ р/с	Қатысушылардың ескертулері мен ұсыныстары (қатысушының тегі, аты, әкесінің аты (бар болса), лауазымы, өкілі болып отырған ұйымның атауы)	Ескертулер мен ұсыныстарға жауаптар (жауап берушінің тегі, аты, әкесінің аты (бар болса), лауазымы, өкілі болып отырған ұйымның атауы)	Ескертпе (алынып тасталған ескерту немесе ұсыныс, «қоғамдық тыңдаудың тақырыбына қатысы жоқ»)
1	Ашенова Индира, Атырау облысы бойынша экология департаменті: 1.Сіздердің бүгінгі ықтимал әсер ету жобасы бойынша өнімділікті тәулігіне 370 баррельден 450 баррельге дейін ұлғайту жобасы бойынша күкірттің мөлшерін қанша көлемге дейін арттырасыздар және бұл карталардағы күкірт көлемін қаншаға арттырады, көлемін айта кетсеңіздер? 2. Лагундардағы ағынды сулардың ағуы қаншалықты артады және бұл лагундардан пайда болатын күкіртті сутекті мөлшерін қаншаға дейін арттырады? 3. Көгалдандыру жұмыстарын 2021 мен 2023 жж. аралығында Атырау қаласында 380 га, Мақат ауданында 20 га жүргізілді, мен департамент бойынша осы жоба есебімен өзім айналысамын, кезінде келдік, қарадық. Паводкаға байланысты бәрі бүлінді сол себептен аталған жоба байынша табиғатты қорғау іс-шаралары есебіне осы жоба бойынша қанша га қай жерде осы ықтимал әсер	Қожан Жанат, Экологиялық жоба рұқсат бөлімінің топ жетекшісі, NCOС: 1.Бүгінгі таңда бұл жоба іске аспай тұрып күкірт жылдық мөлшері 1 миллион 525 болса, енді қаралып отырған жобаға сәйкес күкірт мөлшері 1 миллион 530 мың тон, яғни тек 0,5 пайызға ғана көтеріледі. Карталардығы күкірттің көлемі көбеймейді. 2.Жоқ, бұл жоба шеңберінде булану алаңдарына лақтырып жатқан су көлемі және де ластаушы заттары да көбеймейді, сол қалыпта қалады. Соның ішінде тазартылған судағы күкіртті сутектің мөлшері бұрын бекітілген жобалық көрсеткіштерге сәйкес болады. 3.Әкімдік, экология департаменті, СЭС органдарымен бекітілген Меморандум бойынша қарастырылған жұмыстары жүріп жатыр, . Басқа жерлер бойынша Әкімдікпен бірге ұсыныстар қарастырылады . Құлжанов Сұңқар, Жергілікті мемлекеттік органдармен және жұртшылықпен байланыс жөніндегі менеджер, NCOС: Соколокта былтыр суға кетіп қалған жерлер бар, Атырау облысы Табиғи ресурстар және табиғат пайдалануды реттеу басқармасы мен	Жауап берілді. Алынып тасталды.

ету аталған жұмыстар бойынша жақын орналасқан елді мекенге көгалдандыру жұмыстары бойынша қанша тал егетін орнын айта кетсеңіздер, жоспарда бар ма?	бірігіп тағыда келісім жүргізіп басқа жерлерге ауыстыру туралы ұсыныстар алған болатынбыз, нақты сұрақтарыңызға жазбаша жауап берейік. Қазір Отесин Сарсенбай осы жоба бойынша үйлестірушісі маманымыз басқа жұмыстары болуына байланысты қатыса алмай отыр, бірақ Доссордағы жобалар бойынша сұрақтар болса оған арнайы мердігер өкілі келіп отыр. Доссор бойынша сұрақтар болса сол кісі жауап береді. Егер жалпы жұмыстар бойынша сұрақтар болса, Индира, біздер сізге жазбаша жауап берейік. Жалпы меморандум 2025 ж. дейін осы 2021 мен 2025 аралаАығында жасадық. Басқармадан алған хабарлама бойынша қазіргі таңда ары қарай созу туралы ұсыныс жібереді деп айтты. Меморандум жобасы дайындалып жатыр - қаперіңізге беремін. Көгалдандыру жөнінде Меморандум аясында 2021-2025 жылдар аралығында 308 гектар аумаққа ағаш егіп, күтіп баптау жұмыстарын жүргізу қарастырылған. Қазіргі таңда 248 гектар жерге ағаш егілді: - Береке 73 гектар - Еркінқала 21 гектар - Мақат/Доссор 20 гектар - Соколок су каналы маңы 134 гектар, өкінішке орай су тасқыны салдарынан 27 гектар жер суға кетіп ағаштар өспей қалды. - 2025 жылдың күз мезгілінде Соколок су каналы маңынан 60 гектар жерге ағаш егу жұмыстарын жалғастыру жоспарланып отыр.	
4. Осындай құрылыс жұмыстар кезінде при аварийной ситуации мұнай төгімділерінің болдырмау мақсатында және де болған жағдайда реагирование/әсер ету әрекет ету жұмыстары, бригадасы қарастырылған ба?	Бектібаева Нұрия, Қоршаған ортаны қорғау бөлімінің басшысы, НСОС: 4.Касательно вопроса по реагированию на чрезвычайные ситуации - на наземном объекте разработан план, он имеется и обновлен и там прописаны разные действия в случае различного рода разливов. [Компанияда 1 және 2 деңгейдегі мұнай төгілулеріне жедел ден қоюға арналған жабдықтардың үлкен қоры бар. Ал 3-деңгейдегі, ықтималдығы төмен төгілулер орын алған жағдайда, НСОС өзінің ішкі ресурстарымен қатар, шетелден жұмыс күшін және қажетті жабдықтарды жеткізуді қоса алғанда, халықаралық ұйымдармен тікелей келісімшарттар арқылы сыртқы қолдау көрсетуге ие.]	

2	Ғабдуллин Ғазиз Жолдасұлы - «Aқиқат» қоғамдық бірлестігі төрағасы, Мақат ауданы тұрғыны: Келесіде мәдениет үйінің алаңына брусчаткасына автобустарыңызды кіргізбеңіздер, сыртта тұрсын автобус. Жалпы Қашаған кен орны 2003 жылдан бері бастап алып келе жатыр – теңіз қазір қашып кетті, кезінде Диаров көкеміз (академик) көтеріп келді бірақ ақыры түбіне жете алмай кетті, су қашып балық құриды деді, айтқандары келіп жатыр. Осыдан 5-6 жыл бұрын теңіздің суы қашып кеткеннен кейін теңіздің түбін қазамыз канал қазамыз деп біздің қарсылығымызға қарамастан 20 мың қолы жинап үкіметке дейін жеткіздік бірақ 186 млн долларға 56 км канал қазылды жүк кемелері жүру үшін, қазылды. Жобалау институты, Қашаған кен алаңы 2003 жылдан бері мұнай өндіріп келе жатыр, бұны өздерің білесіздер, Қашаған кен орны туралы Диаров көкеміз осы сұрақты көтеріп сол кезде біз жастау болдық, сол кезден академик ағамыз ақыры түбіне жете алмай кетті, теңіз қашып кетеді деді, ал енді осыдан 5-6 жыл бұрын теңіздің суы қашып кеткеннен кейін, теңіздің табанын қазамыз, канал саламыз деп біздің қарсылығымызды қарамастан, 20 мың қол жинап үкіметке дейін жеткіздік, бірақ 186 миллион 56 км канал қазылды, жүк кемелері жүру үшін қазылды, енді келіп күні кеше тағыда сол тереңдетеміз дейді, яғни су жетпей жатыр, канал бітеліп жатыр, кезінде ал сонда тереңдетіп қайда апарады,	Бекәділ Орынбасарұлы, Төраға, Мақат ауданы әкімінің орынбасары: Рақмет Ғазиз Жолдасұлы! Бүгінгі айтылған ұсыныстарыңыздың барлығы хаттамаға енетін болады. Сұрақтарыңызға және айтылған іс-шаралар бойынша жауап беріледі. Қоғамдық тыңдаудың басында айтқанымдай қоғамдық тыңдаудың тақырыбынан тыс ұсыныстар болуы мүмкін деп ескерткенмін. NCOC компаниясына осы ұсыныстардың барлығын хаттамаға енгізіп, іс-шаралар бойынша әкімдікке келіп талқылауды сұраймын. Құлжанов Сұңқар - жергілікті мемлекеттік органдармен және жұртшылықпен байланыс жөніндегі менеджері, NCOC: [Теңіз деңгейінің қарқынды төмендеуіне байланысты атысты Компания теңіздегі нысандарда логистикалық мәселелерді шешу мақсатында бірқатар шаралар қабылдауда. Солардың бірі - кеме қатынасы үшін су түбін тереңдету бойынша жүргізілген жұмыстар. Қазіргі уақытта су түбін тереңдету және жөндеу жұмыстары қарастырылып талқылануда. Алайда, бұл жоба осы қоғамдық тыңдаудың тақырыбына жатпайды. Бұған дейін Ресей ғылым академиясының Су проблемалары институтының бас ғылыми қызметкері А.В. Фроловтың зерттелулерінде аталып өтілгендей, су түбін тереңдету жұмыстары Каспий теңізінің төмендеуіне әсер етпейді. Компанияның өндіріс қызметі 2016 жылдан басталды, ал нысандарды толық пайдалануға енгізу 2018 жылдан жүзеге асырылды.] NCOC компаниясы өз өндірістік нысандарына жақын өңірлерде халықтың әл-ауқатын арттыруға басымдық береді. Солтүстік Каспий Өнім бөлісу туралы келісім аясында Атырау және Маңғыстау облыстарында әлеуметтік инфрақұрылымдық жобаларды қаржыландырады. 1998–2024 жылдары Атырау облысында жалпы құны 450 млн АҚШ долларын құрайтын 115 жоба, Мақат ауданында 15	Жауап берілді. Қоғамдық тыңдаудың тақырыбына қатысы жоқ.
---	---	---	--

теңіздің табанын ол жерде дейтін балық қырылады, теңіздің суы қашып жатыр, қазір мына жерде жылына, 2022 жылы біздер қараша айында «Болашақ» зауытының аумағына кірдік, ол жерден біздер бірнеше осы аймақпен танысып, не жағдай болып жатқанын, көптеген мәселелерді көтердік, хаттамаға кіргізілді, экскурсия жасалды, бүкіл Атырау облысының экологтармен бірге, әлі сол жағдай, әлі ешқандай шешімін тапқан жоқ, 400 мың баррель мұнай өндіріліп тұр, осы кезде 56 мың тоннамен шаққанда, қазір енді 450 мың мұнай өндіруге рұқсат сұрап отырсыздар, қандай қажеттілік болып тұр, мұнай өндіруге осы өндірісті көбейтуге, бұл жерде өндіріспен өңдеу бірге жүру керек, қазір біз көріп отырғанымыз өндіру барда өңдеу жоқ, өндіріске алдық та операторларды алып қалдық, ал қалған жұмыстың бәрі сокращение жер жерде ТШО да солай, НКОК та солай, ал біз мұнайды бергесін жерде сәйкесінше халыққа жағдай туғызу керек, тәулігіне 400 мың баррель беріп тұрғанда Атырау облысы мен соның ішінде Мақат ауданының әлеуметтік мәселесін шешпеске, біздің мына Мақат ауданымызды әйнек қылып тастауға болатын уақыт болды ғой, 21 жылдан бері, ал соның бірі жасалған жоқ, қазір айтсақ соның бәрін басқа әңгіме айтқандай болып көресіздер, біз сіздердің қызметтеріңді бағалаймыз, бірақ болып жатырған айтуымыз керек, мемлекеттік саясатқа біз қарсы шықпаймыз, мемлекетпен соглашение бар, мына жерде мемлекеттен бөлек халыққада жағдай жасалу керек, ажыратып айтатын болсақ «Шұғыла» бағдарламасы бар, әлеуметтік жобалар бойынша. Құрметті төраға мына болып жатырған мәселелердің бәрін хаттамаға енгізу керек, сосын	млн доллар көлемінде 17 жоба іске асырылды. Қосымша 10 млн АҚШ доллары бөлініп, мектеп, балабақша және орталық алаңды абаттандыру жобалары жоспарлануда. Сонымен қатар, «Шұғыла» демеушілік және қайырымдылық бағдарламасы аясында Мақат ауданында 3 млн АҚШ долларына 216 әлеуметтік жоба іске асты. Бағдарлама төрт бағытта жүзеге асырылады: әлеуметтік кәсіпкерлік, ДЕҚҚОҚ, адами капиталды дамыту (STEM), және қайырымдылық.	
---	---	--

әрі қарай айтамыз, «Шұғыла» әлеуметтік жобасын ұлғайту керек, Мақат ауданына, СИП бағдарламасы бойынша бөлек тоқталғымыз келеді, ол бағдарлама бойынша осы Мақат ауданында ардагерлер бар, депутаттар бар, барлығымыз осы бірлесе отырып мына НКОК компаниясына 5 миллион долларды Мақат ауданына бөлдіртіп жатырмыз, соның ішіне СИП бағдарламасы ішіне 10 миллион доллар қылып қосуларыңыз керек, міндеттейміз себебі мұнай мощность көтеріліп жатыр ғой, сол сияқты енді, бұның ішіне көгалдандыруды да көтеру керек Мақат ауданындағы, Атырау облысындағы, сіздер НКОК компаниясы мұнай өнімі емес, мемлекетті сатып алу тағы да басқа нәрселермен айналысып жүрсіздер, олай болмайды, сіздер өндіріспен айналысыңыздар, болды, жетеді, мемлекетті сатып алумен акимат өзі айналысады, соған бересіздер, жүктейсіздер, жергілікті әкімдікке жүктейсіздер, құрылыстарыңыз бар, басқалары да бар, сіздер мемлекеттік саты алу өткізесіздер, құрылыстың да жағдайын көріп отырсыздар, оны да тереңдетіп айтпай-ақ қояйын, оған дәлелдер көп, соны жетілдіріп, өткенде келіскендей заманауи аурухана жөнінде, соны іске асыруларыңызды сұраймын. Ол ауруханаға облыс әкімдігі 2024 жылы Мақат ауданына келгенде кездескенде облыс әкімі одобрение берген болатын, сіз өзіңіз айттыңыз одобрение берсе біз саламыз деп, ол СИП бағдарламасымен үлкен аурухананы жобалау жұмыстары жүргізіліп жатыр, әрі қарай жобаны ұсынады, сіздер соны қолдарыңызға алуларыңыз керек, одан бөлек бассейн жобасы осы СИП бағдарламасына кіргізіп,		
---	--	--

Доссор кентіне салдырып, привязка бәрі дайын тұр. Күкіртті айтып кеттіңіздер, 2022 жылы қараша айында ашық аспан астында күкірт ашық жатты, ол деген арнайы ангар астында жабық түрде сақталу керек, ол сәйкесінше жаңбыр мен қардың суларымен қоршаған ортаға әсерін тигізбейді емес, тигізеді, айналасындағы елді мекендіктер бәрі көшіп жатыр, көшіріп жатырмыз, қағаз жүзіне бәріне сыйғанмен, шындыққа симайды, сол кезде Бекмухаметов мырза бізбен бірге барды, УПР өкілдері барды, бәріде хаттамаға енгізіліп сол жерде күкірт жөнінде ешқандай шара алынған жоқ, енді күкірт халықтың байлығы шығып жатырған жерден, оның кім пайдасын көріп жатыр, күкірттің пайдасын айналдырған бір бес алты адам көріп жатыр, осылай айтсақ дұрыс болады, соның ішінде бізде болу мүмкін, біз деп айтып тұрған себебіміз бес алты адам осы Қазақстан ішінде жүрген адамдар болу мүмкін, тереңдетіп айтпай ақ қояйық өздерің түсініп отырсыздар, ал енді 2024 жылы Карабатанда «Болашақ» завод «Доссор сервис» деген компанияның күкірт таситын вагондар көрдік, таңертеңнен кешке дейін ремонт жасайды, Совет үкіметі кезінен қалған вагондар, оларды сырлайды, Россияның Мурманск деген қаласына барады, ескі вагондар техникалық жағдайы төмен вагондар, кері ремонт өткізеді, одан кейін қайтадан погрузка жасайды, солай жүріп жатырған бес алты адамның қозғалысы, әрлі берлі, ақша сол 5-6 адамның қалтасына кетіп жатыр, тұрасын айтамын, ол дәлелденіп тұр, сол вагондар Мақат станциясында рельстен шығып кетті, күкіртімен бірге, төгіліп шашылып, оны біз	Күкірт карталарына қатысты мәліметке сәйкес, 2022 жылы сіз 1,5 млн. тонна көлемінде күкірт бар екенін атап өткен едіңіз. Қазіргі уақытта күкірт түсіру, тасымалдау, экспорттау жұмыстары тәулік бойы жүргізілуде. Бүінгі таңда күкірт карталарында 382 мың тонна күкірт қалып отыр, және бұл көрсеткіш жыл соңына дейін одан әрі төмендейді де күтілуде. Күкіртті ұсақтау (уату) жұмысы жүргізіліп жатқандықтан, күкірт карталарын толығымен жабу мүмкін емес. Бұған дейін күкіртті ұзақ мерзімге (3 жылға дейін) сақтау кезінде күкірт карталарының үсті жабылатын. Алайда қазір таңда Компания күкіртті ұзақ мерзімге сақтауды жоспарлап отырған жоқ. [NCOC компаниясы вагондарды ремонт жасамайды.]	
--	--	--

Қазақстан Республикасы президенті әкімшілігіне жаздық, теміржолдың басшыларының сатып алып отырған кезінде НКОК компаниясына апарып арендаға беріп қойып, солай ақша тауып отыр, оны біз мына жерде мынандай ұсыныспен жолдағымыз келеді – содан кейін Доссор сервис компаниясының қоғамдық тыңдауы өтті мына жерде, біздер сол жерде ұсыныс бердік, олар қарсы болған жоқ, енді не істейміз, күкірттің пайдасын жергілікті халық көру керек, налоговый бюджет базасы кеңеюі керек, біз КР президентінің тапсырмасы бар, КГП ашу жөнінде, КГП ашып мына сол бөлетін 10 миллион долларға біздер мына теміржолмен қамтамасыз ететін мына күкірт таситын вагондар алғымыз келеді, Мақат ауданы әкімдігі жанынан КГП ашу керек, сол КГП жанында мына НКОК компаниясының күкіртін тасып, жұмыс көзін ашып, екіншіден салық базасын кеңейту, жұмыс па, өндіріс па, неге ашпасқа, неге тек 5-6 адам көру керек пайдасын, мына хаттамалар енді орындалмайтын болса, біздер сотқа беруге мәжбүрміз, біз солай жұмыс жасаймыз енді. КОС мәселесі бойынша «канализация очистного сооружения» сол жерде суды өңдеп әрі қарау булану алаңына жіберіп жатыр, булану алаңы деген не, ол барып күнде ауамен ұшып әрі қарай жоқ болу, оған аз ақша шығып жатырған жоқ, лас суды өңдеуге аз ақша шығып жатырған жоқ, ол суды президенттің тапсырмасы, екінші өмір беру суға, біздер оны жасадық, бірақ әрі қарай реализация болып жатырған жоқ, ол жерде қандай су жіберілді, Ескене елді мекенінде ескі қазан бар, бетоннан дайындаған, Сұңқар мырза сізге айтқандай, Ескенеге құбыр тартып КОС-тан	[Компанияның барлық нысандарын тұщы сумен қамтудың негізгі көзі - Астрахань-Маңғыстау су құбыры (ҚТО). Аталған құбыр желісінен тұтынылатын тұщы су көлеміндегі «НКОК» компаниясының үлесі 3%. Компанияның нысандарында Астрахань – Маңғыстау құбыр желісінен алынған тұщы суды үнемдеп пайдалану мақсатында айналымды сумен қамту жүйесі енгізілген, сондай-ақ тазартылған сарқынды суды жылдың жылы мезгілдерінде жасыл желектерді суару үшін қайта пайдалану көзделген. Төменде Астрахань – Маңғыстау су құбыранан алынатын тұщы судың нақты көлемі, айналымды сумен қамту және қайта пайдалану көрсеткіштері келтірілген.	
--	---	--

шыққан суды соған жеткізіп дайындасаңыздар, жақын маңда орналасқан Қарабатан, Болашақ зауытында жұмыс жасап жатырған өндірістік мекемелер сол жерден суды алып пайдалануға болады. Қазір суды булану алаңына жіберіп жатырғанымыз дұрыс емес, ол ешнәрсеге пайдаға аспайды. Ең болмағанда жасыл желекке де сол суды пайдалана алмай отырмыз.	«Астрахань-Маңғышлақ» су құбыры	2018	2019	2020	2021	2022	2023	2024
	Халыққа және акционерлік қоғам мен муниципалдық кәсіпорындарға жеткізілген су көлемі, млн м3/жыл	28,7	28,9	28,4	29,4	29,8	27,9	26,5
	НКОК алған су көлемі, млн м3/жыл	0,84	0,94	0,745	0,871	0,839	0,765	0,611
	НКОК алған су көлемі, %	2,9%	3,3%	2,6%	3%	2,8%	2,7%	2,3%
	НКОК алған су көлемі, млн м3/жыл	0,39	0,351	0,355	0,415	0,309	0,735	0,792
	Суды қайта пайдалану тиімділігі, %	32	27	32	32	27	49	56
Мұнай өндіру көлемінің артуына қарамастан, Астрахань – Маңғыстау су құбырынан алынатын тұщы су іс жүзінде өзгеріссіз қалып отыр. Айналымды сумен қамту және тазартылған сарқынды суды қайта пайдалану жүйелері жаңа тұщы суды шамамен 47%-ға үнемдеуге мүмкіндік беруді. Аудандағы топырақ түрі шөл топырағына жатады, құнарлылығы төмен. Мұндай топырақ егін шаруашылығында пайдалануға жарамсыз, себебі								

Қарабатан елді мекенінің айналасына топырақ, жер, су, жануарлары бойынша ревизия жасап, тексеруіңізді сұраймын. Мал жайылымы жерлері түгел бүлінген. Қиғаш-Маңғыстау магистральдық су құбырынан 1млн м3-тың үстінде су алып жатырмыз дедіңіздер. Тұрмыстық және өндірістік судан өңделген суды Ескенеге құбыр тарту арқылы жеткізуді ұсынамын. 450 мың баррель мұнай өндірілгеннен кейін Мақат ауданы сәйкесінше гүлдену керек. Осы мәселеге назар аударып, бір айдан кейін іс-шара жоспармен келмесеңіздер біз сотқа беруге мәжбүр боламыз. 2023 жылы Оливье Лазар мырза Мақатқа келіп кетті. Ол кісіге көп нәрсе айтып ескерткенмен ешқандай нәтиже болмады. Біз Рую мырзаны және акционерлерді Мақат ауданына шақырамыз, келіп ауылдың жағдайын көрсін, халықпен таныссын. Халыққа жұмыс көзін ашу керек. Жұмыссыздық мәселесін бұрыннан бері көтеріп келе жатырмыз. Сіздер 93 компания бар деп айттыңыздар. Бірақ оларға билік жүргізе алмай отырсыздар. Сіздер Заказчик ретінде әр компанияға жергілікті халықты жұмысқа алуға тапсырма беруге құқыларыңыз бар, бірақ оны келісімшартта қаралмаған деп жасай алмай отырсыздар. Келісімшартқа өзгеріс енгізіңіздер. Жәрмеңкелер өткізіп жатырсыздар, бірақ одан ешқандай пайда жоқ. Оның орнына вакансияны беріп, сол бойынша халықты жұмысқа шақырыңыздар.	құрамында тұз мөлшері жоғары және біраз бөлігін ауыл шаруашылығы қызметін жүргізуге жарамсыз сор алқаптар алып жатыр. Экологиялық бақылау қорытындысына сәйкес, құрлықтағы кешенде антропогендік әсердің салдарынан жануарлар түрлерінің популяциясы жойылған немесе айтарлықтай азайған жағдайлар анықталмаған.] Құлжанов Сұңқар - жергілікті мемлекеттік органдармен және жұртшылықпен байланыс жөніндегі менеджері, NCOC: [Жаз мезгілінде тазартылған шаруашылық-тұрмыстық ағынды сулар Компанияның өз нысандарында жасыл желектерді суару және шаң басу мақсатында пайдаланылады] Жергіліктің халықтың ұсыныстарын ескеріп, Компания 2023 жылғы 1 шілдеден кейін қол қойылған барлық келісімшарттарға қызмет көрсетілетін аумақта жергілікті халықты жұмысқа тарту және қажетті тауарларды мен қызметтерді жергілікті жерден сатып алу туралы ұсыныстарын енгізді. Осыған байланысты, мердігер ұйымдар бұл ұсынысты назарға алып, ескерулері тиіс.	
---	---	--

3	Ғабдуллин Ғазиз Жолдасұлы - «Aqıqat» қоғамдық бірлестігі төрағасы, Мақат ауданы тұрғыны: Шлам мәселесі бойынша, қазіргі 450 мың баррель мұнайдан шығып жатыр шлам айналаны бүлдіріп отыр. Қашаған жобасы болмаса Вест Дала мекемесі болмас еді. Вест Даланың жанынан өту мүмкін емес, иісі мұңкіп тұр. Шламның мәселесін шешу керек. Қазіргі таңда қаншама асфальт салынып жатыр, оны өңдеуге битум жетіспейді. Жанағы шламдарды неге жаңа технология әкеліп битум өндірмеске? Тек мұнай сату дегенді ғана білесіздер. Өндіріс ашып мұнайдан шыққан қалдықтарды өңдеу керек. Осы ұсыныстарды қабылдап, бір айдан кейін аудандық әкімдікке іс-шара жоспарымен келіп айтыңыздар. Сақтандыру мәселесі бойынша, Мақат ауданның халқын сақтандыру керек. Құрметті төраға!	[Мұнайды дайындау процесінде мұнай шламы түзілмейді.] [Сақтандыру бойынша - СРП құжатта үкімет басшының және 7 инвестордың қолдары бар, ішінде ұлттық Қазмұнайгаз компаниясы да бар. Әкімшілікте қоғамдық кеңес бар, сонда талқылап көтеріп тұрсаңыздар біз компанияның атынан өздеріміз көтерсек, сосын мемлекетке екі жақтың басшылары бұл сұрақты көтерген жағдайда ғана мәселе жүреді.]	Жауап берілді. Қоғамдық тыңдаудың тақырыбына қатысы жоқ
